

**Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен педагог-психологтың
2022-23 оқу жылының І-ші жарты жылдық есебі**

М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясында 4 мүмкіндігі шектеулі балалар оқиды: Сағындық Алинұр 1 «В», Амангелді А 5 «З», Дулат Диас 3 «З», Болатхан Ислам 5 «В».

Педагог-психологтар ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс бойынша арнайы әдебиеттердегі жаңалақытар зерделеніп, нормативтік құжаттама базасымен танысты, психодиагностикалық және психокоррекциялық әдіс-тәсілдер тізімін толықтырды, тақырып бойынша курстарға қатысты.

Педагогикалық кеңесте «Инклюзивті білім беру ерекшеліктері» тақырыбында оқыту семинары жүргізілді.

Оқушыларды сабақтарда сыныптастарымен және мұғалімдерімен қарым-қатынастарын, білім алуға деген мотивациясын бақылау.

Мектебімізде мүмкіндігі шектеулі оқушыларды оқыту жеке тұлғаны дамытуға бағытталған түзету-дамыту білім беру мен оқыту арқылы тірек-қимыл аппараты бұзылған баланың жан-жақты әлеуметтенген тұлғасын қалыптастыруға, қажетті өмірлік маңызды білім, қабілеттері және табысты әлеуметтік бейімделуі, білік және дағдыларды меңгеруіне ықпал етуге бағытталған.

Психолог ретінде жұмыстың мақсаты – мектеп әкімшілігіне және педагогикалық ұжымға оқушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін және оқушылардың, олардың ата-аналарының және оқу процесінің басқада қатысушылары, педагогикалық ұжымның денсаулығы мен тұлғалық дамуын қорғау үшін психологиялық жағдайларды қамтамасыз ететін әлеуметтік даму жағдайын құруға көмектесу.

Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмысымның негізгі бағыттары:

- Психодиагностикалық жұмыс;
- Түзету-дамыту жұмыстары;
- Кеңес беру жұмысы;

Психодиагностикалық жұмыс мұғалімдердің сұранысы бойынша және диагностикалық минимумдар жоспарына сәйкес жүргізілді. Жұмыс барысында келесі әдістер мен сынақтар қолданылады:

1. Мектептегі білім алуға дайындықты психологиялық-педагогикалық бағалау.

2. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларының бейімделу деңгейін зерттеу әдістері:

- А.Керн-Я.Йерасектің тестін ауызша сұрақтары
- «Мектепте маған ұнайтын нәрсе» сурет салу техникасы
- «Менің сыныбым» әдістемесі
- «Ағаш және адамдар» әдістемесі

3. Сөздік-логикалық ойлауды зерттеу әдістері.

4. Бейнелік және қысқа мерзімді есте сақтаудың диагностикасы.

5. Зейінді, қабылдауды, қиялды зерттеу әдістері.

Мүмкіндігі шектеулі балалармен жүргізілетін жұмыстың басым түрі – түзету-дамыту жұмыстарын қамтиды.

Педагогтар мен ата-аналар үшін «Ерекше балалардың психологиясы және олармен тиімді қарым-қатынас жасау» тақырыбында ұсынымдар әзірленіп, таратылды.

2022-2023 оқу жылында мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмысымызды саралай келе, келесі бағыттар бойынша түзету-дамыту жұмыстарын жалғастыру қажет:

- өзіне деген сенімділікті қалыптастыру;
- жалпы және ұсақ моториканы дамыту жұмысын жалғастыру;
- өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту (тәрбиешінің орындауын күтпей, кейбір әрекеттерді өзіңіз орындаңыз, мысалы: киім ауыстыру, оқулық ашу және т.б.);

Педагог-психолог:



Ж.Н.Бакирова

С.М.Бектурганова